

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша тест сұрақтарының бақылау данасы
курс II (134 сағат), семестр III-IV,
Мамандық 030100 0 «Емдеу ісі», бөлім күндізгі

Контрольный экземпляр тестовых вопросов по предмету «История Казахстана»
курс II (134 часов), семестр III-IV, специальность
030100 0 «Лечебное дело» отделение дневное

III семестр

Тақырып №1. Кіріспе. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж.
Тарих ғылым және пән ретінде

1. «Тарих» сөзінің мағынасы:
 - а) өткен оқиғалар туралы әңгіме
 - б) болашақты болжау
 - в) өткенді зерделеу
 - г) жер-су атаулары
2. Қазақстан тарихының негізгі кезеңдері қанша бөлімнен тұрады?
 - а) 4
 - б) 2
 - в) 3
 - г) 5
3. Қазақстан тарихы курсының негізгі мақсаты:
 - а) киелі Қазақ жерінде өмір сүрген барлық алдыңғы ұрпақтың, соның ішінде, әрқайсымыздың ата-бабамыздың саналы қызметі туралы екенін ұғыну
 - б) ертедегі адамдардың кімдер екенін тексеру
 - в) қазба жұмыстарын жүргізу

- г) жер-су атауларын зерттеу
4. Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қай жылы қабылданды?
- а) 1993 жылы 28 қаңтар
 - б) 1999 жылы 7 тамыз
 - в) 1995 жылы 30 тамыз
 - г) 1996 жылы 7 тамыз
5. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қай жылы қабылданды?
- а) 1995 жылы 30 тамыз
 - б) 1999 жылы 7 тамыз
 - в) 1993 жылы 28 қаңтар
 - г) 1996 жылы 7 тамыз
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша биліктің қайнар көзі кім?
- а) халық
 - б) Президент
 - в) Парламент
 - г) Үкімет
7. Тарихта «тарихтың атасы» деп кімді атайды?
- а) Геродот
 - б) Сыма Цянь
 - в) Ленин
 - г) Страбон
8. Тарихи деректер деген не?
- а) қоғамда адамзат дамуының тарихын баяндайтын жазбаша құжаттар
 - б) тарихты зерттеу ұстанымдары
 - в) тарихтың әдістері
 - г) жаңа деректер табу
9. «Шығыс тарихының атасы» деп кімді атайды?
- а) Сыма Цянь
 - б) Геродот
 - в) Чжан Цянь
 - г) Моде
10. Қазақстан тарихын зерттеуге қай елдің ғалымдары зор үлес қосты?
- а) Ресей ғалымдары
 - б) Қытай ғалымдары
 - в) АҚШ ғалымдары
 - г) Түркия ғалымдары




I Бөлім. Ерте дәуірдегі Қазақстан.

Тақырып №2. Алғашқы қауымдық құрылыс және тас дәуіріндегі Қазақстан.

Жаңа тас дәуіріндегі Қазақстан.

1. Екі жағынан да өңделген палеолиттік шапқыш құрал:

- а) бифас
- б) кескіш
- в) үшкіртас
- г) пышақ



2. Оңтүстік Қазақстаннан табылған палеолит дәуірінің археологиялық ескерткіші:

- а) Арыстанды
- б) Қозыбай
- в) Тегіскен
- г) Өніжек

3. Кейінгі палеолит дәуірінің хронологиясы:

- а) б.з.б. 40-12 мыңжылдықтар
- б) б.з.б. 5-3 мыңжылдықтар
- в) б.з.б. 10-5 мыңжылдықтар
- г) б.з.б. 140-40 мыңжылдықтар

4. Жебелі садақ пен бумеранг пайда болған дәуір:

- а) мезолит
- б) палеолит
- в) неолит
- г) қола

5. Кейінгі палеолит дәуірінде ежелгі адамның қайсысы қалыптасты:

- а) кроманьондық
- б) австралопитек
- в) питекантроп
- г) синантроп

6. Ерте палеолит дәуірінде тас құралдарды жасау тәсілі:

- а) тасты жару арқылы бөлшектеу
- б) нуклеустық
- в) ретуштік
- г) жылтырата тегістеу

7. Қай кезеңде шаруашылық еңбек қалыптасып, өнім өндіру шықты?

- а) неолит
- б) палеолит
- в) мезолит
- г) қола

8. Рулық қауым кезіндегі меншіктің түрі:

- а) ортақ меншік
- б) жеке меншік
- в) мемлекеттік меншік
- г) ақсүйектер меншігі

9. "Қытай адамы" қалай аталды?

- а) синантроп
- б) неандертальдық
- в) австралопитек
- г) кроманьондық



10. Кейінгі палеолит дәуірінің ескерткіші Шульбинка тұрағы табылған аймақ:

- а) Шығыс Қазақстан
- б) Оңтүстік Қазақстан
- в) Солтүстік Қазақстан
- г) Орталық Қазақстан

Тақырып №3. Қола дәуіріндегі Қазақстан

1. Беғазы-Дәндібай мәдениетінің хронологиялық ауқымы:

- а) б.з.б. XII-ҮІІ ғасырлар
- б) б.з.б. ХҮІІІ-ХҮІ ғасырлар
- в) б.з.б. ХҮ-ХІІ ғасырлар
- г) б.з.б. ХҮІІІ-ХІІ ғасырлар

2. Қола дәуіріне жататын Солтүстік Қазақстандағы қоныстар:

- а) Петровка, Боголюбов
- б) Дәндібай, Атасу
- в) Боголюбов
- г) Дәндібай, Беғазы

3. Қола дәуірі қоныстарының көбінесе орналасқан жері:

- а) өзен жағалауларында
- б) тау аңғарларында
- в) жазық далаларда
- г) орманды өңірлерде

4. Табиғаттың дайын өнімін пайдаланған аңшы-терімшілерден көшпелілердің айырмашылығы:

- а) өнім өндірді
- б) еңбек құралдарын жасай білді
- в) баспана жасай білді
- г) ру болып өмір сүрді

5. Қола дәуірі абыздарының негізгі міндеттері:

- а) салт-дәстүрлердің орындалуын қадағалау
- б) әскери істерді басқару
- в) жер бөлу ісімен айналысу
- г) ел басқару

6. Андрондықтардың бет бейнесін сипаттаған ғалым:

- а) М.Герасимов
- б) М.Массон
- в) К.Ақышев
- г) Қ.Алпысбаев

7. Тас және мыстан жасалған еңбек құралдарын ығыстырған кезең:

- а) қола дәуірі
- б) энеолит дәуірі
- в) темір дәуірі
- г) неолит дәуірі

8. Орталық Қазақстан жеріндегі қола дәуірін түбегейлі зерттеуді бастаған ғалым:

- а) Ә.Марғұлан
- б) М.Массон
- в) Л.Гумилев
- г) К.Ақышев

9. Жерленген андроновтықтардың басы қаратылды:

- а) батысқа, оңтүстік-батысқа

- б) батысқа, солтүстік-батысқа
 - в) солтүстікке, шығысқа
 - г) шығысқа, оңтүстікке
10. Көкшетау жеріндегі қола шалғы табылған қоныс:
- а) Шағалалы
 - б) Атасу
 - в) Беғазы
 - г) Степняк
11. Елімізде андрондықтардың тасқа салынған суреттері қай өңірлерден табылған?
- а) Таңбалы, Жасыбай, Хантау
 - б) Тараз, Ақтау
 - в) Таңбалы, Атасу
 - г) Арқайым, Петровка
12. 1927 жылы археолог М.П.Грязнов андрон мәдениетінің ескерткішін қай жерден тапты?
- а) Батыс Қазақстан
 - б) Оңтүстік Қазақстан
 - в) Солтүстік Қазақстан
 - г) Шығыс Қазақстан
13. Қола дәуіріндегі адамдар қандай күштерге табынған?
- а) табиғаттың дүлей күштеріне
 - б) отқа
 - в) тәңірге
 - г) ата-баба әруағына
14. Қола дәуіріне тән Орталық Қазақстан аймағынан табылған обалар саны қанша?
- а) 150
 - б) 30
 - в) 360
 - г) 10-20
15. Андрондықтар түр-келбеті жағынан кімдерге ұқсаған?
- а) еуропалық нәсілге
 - б) монғолдық нәсілге
 - в) қытайлықтарға
 - г) негроидтықтарға

Тақырып №4. Темір дәуіріндегі Қазақстан

1. Арал маңын мекендеген сақ тайпасы қалай аталды?
- а) парадарайа сақтары
 - б) тиграхауда сақтары
 - в) хаумаварга сақтары
 - г) жүйрік атты турлар
2. Аралтөбе қорымы табылған аймақ:
- а) Атырау облысы
 - б) Алматы қаласының шығысы
 - в) Ақтөбе облысы
 - г) Қызылорда қаласының оңтүстігі
3. Сақ қоғамында ақ түсті киім киетіндер:
- а) абыздар
 - б) ақсүйектер
 - в) патшалар
 - г) жауынгерлер

4. Әйелдердің қабірінен қару-жарақ табылған тайпа:

- а) сарматтар
- б) сақтар
- в) андрондар
- г) ғұндар

5. Сақ қоғамының 3 тобы:

- а) жауынгерлер, абыздар, қауым мүшелері
- б) көсемдер, бектер, қауым мүшелері
- в) патшалар, жауынгерлер, қолөнершілер
- г) көсемдер, ақсақалдар, шаруалар

6. Сақ тайпаларындағы күн күркіреу құдайының бейнесі?


- а) қабан
- б) жылқы
- в) бұқа
- г) түйе

7. "Мұртты обалар" қай мәдениетке жатады?

- а) Тасмола
- б) Беғазы-Дәндібай
- в) Пазырық
- г) Қауыншы

8. "Аң стилі" пайда болды:

- а) б.з.б. YII ғ.
- б) б.з.б. IY ғ.
- в) б.з.б. Y ғ.
- г) б.з.б. YIII ғ.



9. Геродот еңбектеріндегі сақтардың аталуы.

- а) массагеттер
- б) дала скифтері
- в) жүйрік атты турлар
- г) ержүрек сақтар



10. Дарий әскерін шөл далаға апарып қырған сақ малшысы:

- а) Шырақ
- б) Еділ
- в) Спаргапис
- г) Скунха



Тақырып №6. Қазақстан аумағындағы ежелгі мемлекеттер

1. Қаңлылардың тайпалық бірлестігі орналасқан аймақ:

- а) Оңтүстік Қазақстан
- б) Шығыс Қазақстан
- в) Батыс Қазақстан
- г) Солтүстік Қазақстан



2. Қаңлылар туралы алғаш рет жазылған деректер:

- а) қытай деректері
- б) грек деректері
- в) рим деректері
- г) парсы деректері

3. Құлата қонысы қандай кәсіптің ірі орталығы болды?

- а) металлургия
- б) егіншілік
- в) зергерлік
- г) сауда

4. Үйсіндердің дипломатиялық – туыстық қатынаста болған мемлекеті:

- а) Қытай
- б) Рим
- в) Мидия
- г) Парсы



5. Үйсін мәдениетінің хронологиясы:

- а) біздің заманымызға дейінгі III ғасыр – біздің заманымыздың IV ғасыры
- б) біздің заманымызға дейінгі IV ғасыр – біздің заманымыздың IV ғасыры
- в) біздің заманымызға дейінгі V ғасыр – біздің заманымыздың IV ғасыры
- г) біздің заманымызға дейінгі VI ғасыр – біздің заманымыздың IV ғасыры

6. Үйсіндердің дипломатиялық-туыстық қатынаста болған мемлекеті:

- а) Қытай
- б) Византия
- в) Рим
- г) Мидия

7. Ыстықкөл мен Іле өзенінің оңтүстігінде орналасқан Үйсін мемлекетінің астанасы:

- а) Чигучен қаласы
- б) Бесбалық қаласы
- в) Битянь қаласы
- г) Күнгіт қаласы

8. Қоладан құйылған белгі мен мөр кімге тапсырылды?

- а) ақсақалдарға

б) қала әкіміне

в) қазыларға

г) орыс әкімшілігіне

9. Каспий жағалауында өмір сүрген сармат тайпасы:

а) гирканилер

б) дайлар

в) дахтар

г) исседондар

10. Аршакидтер әулеті билігінің негізін салған сармат тайпасы:

а) Дайлар

б) гирканилер

в) исседондар

г) аримаспылар

11. Қаңлылардың ел басқару қызметін кім атқарған?

а) уәзір

б) хан

в) гуньмо

г) бек

12. Қаңлылар туралы алғаш рет жазылған деректер:

а) Қытай деректері

б) Рим деректері

в) Түркі деректері

г) Парсы деректері

13. «Гурхан» ұғымы нені білдіреді?

а) билеуші

б) әскер

в) сот қызметкері

г) құл

15. Қаңлы мәдениетіне тән көне қала:

а) Көкмардан

б) Аккыр

в) Аралтөбе

г) Аккыстау

Тақырып №7. Б.з.б III-I ғасырлардағы ғұндар тайпалары.

1. Солтүстік ғұндардың билеушісінің есімі:

а) Чжи-Чжи

б) Аттила

в) Үшлік

г) Мөде

2. Ғұн мемлекетінің негізін салған кім?

а) Мөде

б) Аттила

в) Чжи-Чжи


г) Полиан

3. Аттила жауынгерлері Галлиядағы Католаун даласында римдіктердің, франктердің біріккен күштерімен қай жылы шайқасты?

а) 451 жылы

б) 400 жылы

- в) 445 жылы
г) 453 жылы
4. Рим империясына шапқыншылық жасаған:
а) ғұндар
б) қыпшақтар
в) үйсіндер
г) сақтар
5. Ғұндар жөнінде маңызды дерек
а) Марцеллин
б) Прииск
в) Геродот
г) Сыма Цзянь
6. Ғұндар бұйымының бетіне түрлі-түсті заттарды жапсыру стилі"
а) «полихромдық стиль»
б) зерлеу
в) «аң стилі»
г) өрнектеу
7. Аттила туралы алғаш рет ғылымға енгізген қазақ ғалымы:
а) Ш.Уәлиханов
б) М.Қозыбаев
в) Е.Бекмаханов
г) С.Асфендияров
8. Рим империясына шапқыншылық жасаған:
а) ғұндар
б) қыпшақтар
в) үйсіндер
г) сақтар
9. Еділ жөнінде құнды дерек қалдырған?
а) Прииск
б) Геродот
в) Страбон
г) Сыма Цзянь



10. Ғұн тұрмысындағы қасиетті орын:
а) ошақ
б) төр
в) шаңырақ
г) бұлақ басы



1. 751 жылы қарлұқтар арабтармен бірігіп, соққы берді:

- а) Қытайларға
- б) Хазарларға
- в) Еділ бұлғарларына
- г) Түргештерге

2. Батыс Түрік қағанатын қай тайпаның ақсүйектері биледі?

- а) Ашина тайпасы
- б) Теле тайпасы
- в) Яғма тайпасы
- г) Қыпшақ тайпасы

3. Түрік тілдес тайпалардың ортақ атауы:

- а) теле
- б) қыпшақ
- в) ұлыс
- г) түрік

4. Батыс Түрік қағанатының халқының көпшілігі:

- а) кара бұдындар
- б) тұдындар
- в) бұйрықтар
- г) бектер

5. “Түрік” этнонимі алғаш рет деректерде қашан кездесті?

- а) 542 ж.
- б) 556 ж.
- в) 548 ж.
- г) 603 ж.



6. Батыс Түрік қағанатының жазғы ордасы.

- а) Мыңбұлақ
- б) Сығанак
- в) Суяб
- г) Күнгіт

7. Салық жинауға жергілікті адамдарды бекітіп, оларға “селиф” деген атақ берген қаған:

- а) Тон
- б) Қапаған
- в) Шегу
- г) Тардуш

8. Батыс Түрік қағанатында яғбу, шад, елтебер атағы кімдерге берілген?

- а) қаған руынан шыққандарға
- б) қағанатты басқарушыға
- в) салық жинаушыларға
- г) сот ісін басқарушыларға

9. Қағанаттың Батыс және Шығыс Түрік қағанаты болып бөлінген уақыты:

- а) 603 жыл
- б) 552 жыл
- в) 560 жыл

- г) 601 жыл
10. Батыс Түрік қағанатының жазғы ордасы:
- а) Мыңбұлақ
 - б) Суяб
 - в) Тараз
 - г) Түркістан
9. Батыс Түрік қағанатының астанасы:
- а) Суяб
 - б) Тараз
 - в) Баласағұн
 - г) Мыңбұлақ
11. Батыстағы елдерді жаулап алуды ойлаған Батыс Түрік қағаны:
- а) Тон Қаған
 - б) Күлтегін
 - в) Бумын
 - г) Қапаған
12. Батыс Түрік қағанатындағы қаған руынан шыққан ақсүйектерге берілген лауазымдар:
- а) ябғу, шад, елтебер
 - б) ябғу, селиф, тат
 - в) селиф, тархан, бұрықтар
 - г) қара бұдун, селиф
13. Батыс Түрік қағанатында сот істерін атқарды:
- а) бұрықтар мен тархандар
 - б) ябғу, селиф, тат
 - в) селиф, тархан
 - г) қара бұдун, селиф
14. Батыс Түрік қағанатындағы «қара бұдундар»:
- а) қарапайым халық
 - б) құлдар
 - в) қаған
 - г) тұтқындар
15. Батыс Түрік қағанатындағы «тат» сөзінің мағынасы:
- а) құл
 - б) тұтқын
 - в) селиф
 - г) қарапайым халық

Тақырып №10. Түркеш, қарлұқ, оғыз, қимақ мемлекеттері.

1. Түргеш қағанатының өмір сүрген уақыты:
- а) 704-756 жылдар
 - б) 552-603 жылдар
 - в) 603-704 жылдар
 - г) 756-942 жылдар
2. Түргеш қағанатының негізін салды:
- а) Үшлік қаған
 - б) Тоныкөк
 - в) Күлтегін
 - г) Бумын
3. Түргеш қағанатының Кіші ордасы Күнгіт қаласы қай өзен бойында орналасты?

- а) Іле бойында
 - б) Талас бойында
 - в) Шу өзені
 - г) Ертіс бойында
4. Арабтар ашық майданға түсуден, соғысудан сескенген Түргеш қағаны кім?
- а) Сұлу
 - б) Тоныкөк
 - в) Бумын
 - г) Мұқан
5. Үнемі жеңіске жетуіне байланысты Сұлу қағанға арабтар қандай атау берген?
- а) Сүзеген
 - б) Салқам
 - в) Батыр
 - г) Бұқа
6. 751 жылы Атлақ маңындағы түргештер мен қытайлар арасындағы шайқастың нәтижесі немен аяқталды?
- а) қытайлар Жетісудан біржола кетті
 - б) қытайлар Жетісуды басып алды
 - в) түркештер салық төлеуге мәжбүр болды
 - г) қытайлар салық төлеуге мәжбүр болды
7. Қарлұқ қағанаты қай жылдары өмір сүрді?
- а) 756-940 жылдар
 - б) 603-704 жылдар
 - в) 704-756 жылдар
 - г) 756-856 жылдар
8. VII ғасырдың басындағы қытайдың «Таньшу» хроникасында көрсетілетін қарлұқтардың құрамындағы тайпалар қалай аталады?
- а) бұлақ, жікіл, ташлық
 - б) қыпшақ, найман, керей
 - в) дулат, қаңлы
 - г) яғма, шатлық
9. Қарлұқтар еліндегі қалалардың саны:
- а) 25 қала
 - б) 45 қала
 - в) 35 қала
 - г) 15 қала
10. Оғыз мемлекетінің өмір сүрген уақыты:
- а) IX ғасырдың соңы – XI ғасырдың басы
 - б) X ғасырдың соңы – XII ғасырдың соңы
 - в) XII ғасырдың соңы – XIII ғасырдың басы
 - г) XII ғасырдың соңы – XI ғасырдың соңы
11. Оғыз мемлекетінің астанасы қай қала болды?
- а) Янгикент
 - б) Тараз
 - в) Баласағұн
 - г) Барысхан
12. 965 жылы (X ғасыр) оғыздар Хазарларға қарсы кімдермен одақ құрды?
- а) Киев Русі
 - б) Қытаймен
 - в) Қараханмен

- г) Египетпен
13. Оғыз мемлекеті қай қағанның тұсында қайтадан күшейді?
а) Шахмәліктің кезі
б) Атрақ хан кезінде
в) Үшлік қаған
г) Сатұқ Боғрахан кезі
14. Қимақтардың ішіндегі ең атақты тайпасы қай тайпа болды?
а) қыпшақтар
б) қарахандар
в) оғыздар
г) қарлұқтар
15. X ғасырдың екінші жартысында қимақтардың жеріне кімдер шабуыл жасады?
а) Қарахан мемлекеті
б) Қытай елі
в) Қарақытай мемлекеті
г) Оғыз мемлекеті

Тақырып №11. Қарахан мемлекеті. Қарақытайлар.

1. Қарахан мемлекеті қай жылдары өмір сүрді?
а) 942-1212
в) 940-1112
в) 945-1210
г) 944-1213
2. Қарахан мемлекетінің негізін Сатұқ Боғра хан қалаған жыл:
а) 942
б) 955
в) 941
г) 960
3. Қарахан мемлекеті біржолата құлады:
а) 1212 жылы
б) 1089 жылы
в) 1222 жылы
г) 1002 жылы
4. Қарахан дәуірінің сәулет ескерткіштері:
а) Айша-биді, Бабаджа-қатын кесенелері
б) Дәуітбек кесенесі
в) Тектұрмас кесенесі
г) Бекет ата кесенесі
5. Қарахандықтарда ислам дінін мемлекеттік дін деп қабылдаған хан:
а) Мұса хан
б) Сүлеймен хан
в) Сатұқ Боғра хан
г) Даян хан
6. Елюй Дашы 1143 жылы қаза болған соң билікті қолына алған:
а) әйелі
б) інісі
в) атасы
г) баласы
7. 1143 жылы Елюй Дашы қаза тапқан соң оның орнына таққа кім келді?
а) әйелі Табуян

- б) күйеу баласы
- в) баласы
- г) қызы
- 8. Қарақытай мемлекеті қай өңірде құрылған?
 - а) Жетісу
 - б) Қашғарияда
 - в) Тұрфанда
 - г) Таласта
- 9. Қарақытайлар Ходжент жанында Қарахан әскеріне қай жылы ойсырата соққы берді?
 - а) 1137 жыл
 - б) 1122 жыл
 - в) 1212 жыл
 - г) 1130 жыл
- 10. 1208 жылы қарақытайлар кімдерден жеңілді?
 - а) наймандардан
 - б) керейлерден
 - в) қыпшақтардан
 - г) монғолдардан

Тақырып №12. Қыпшақ мемлекеті, найман, керейлер.

- 1. Найман, керей, жалайырлардың негізгі мекендеген жерлері:
 - а) Монғолияның орта және Батыс аудандары
 - б) Қытайдың солтүстігі
 - в) Орталық Қазақстан
 - г) Батыс Қазақстан
- 2. Найман мемлекетінің астанасы Балықты қай өзеннің бойында орналасқан?
 - а) Орхон
 - б) Шу
 - в) Іле
 - г) Алакөл
- 3. Керейіт мемлекетінің астанасы қай жерде орналасқан?
 - а) Битөбе
 - б) Күлтөбе
 - в) Аралтөбе
 - г) Балықты
- 4. Керейіт мемлекетінің шарықтау шегі қай хандардың тұсында болды?
 - а) Маркус, Құршақұз
 - б) Елюй Дашы
 - в) Сұлу қаған
 - г) Наркес
- 5. «Монғол жеріндегі IX-XIII ғасырларда өмір сүрген керейлер – күшті дамыған ел. Олар тек Шыңғысхан ... әсерінен әлсіреді» деп айтқан кім?
 - а) Рашид ад-Дин
 - б) Әбу-Райхан
 - в) М.Қашғари
 - г) Ж.Баласағұни
- 6. Керей, наймандардағы малдың басты түрі:

- а) жылқы мен қой
- б) қой мен ешкі
- в) түйе мен жылқы
- г) жылқы мен сиыр

7. XI ғасырда қыпшақтардың алып жатқан жері:

- а) Шығыста Алтай мен Ертістен басталып, батысында Еділге дейінгі жер
- б) Шығыста Алатаудан басталып, батысында Дунайға дейінгі жер
- в) Шығыста Алтай мен Ертістен басталып, батысында Ресейге жер
- г) Шығыста Есілден басталып, батысында Атырауға дейінгі жер

8. «Қаңлылар қыпшақша сөйлейді екен» деп кім айтқан?

- а) Плано Карпини
- б) Марко Поло
- в) Д.Г.Мессершмидт
- г) Гильом Рубрук

9. Қыпшақ хандығының сол қанатының орталығы.

- а) Сығанақ
- б) Сайрам
- в) Тараз
- г) Күнгіт

10. Қыпшақ тіліндегі «яланкуг» сөзінің мағынасы:

- а) құл
- б) билеуші
- в) тұтқын
- г) батыр

Тақырып №13. Көшпелілердің рухани мәдениеті. Қазақ даласының даналары.

1. X-XII ғасырларда ірі және кіші қалалардың Сырдария, Шу, Талас өзендерін жағалай орналасуы қай саланың дамығанын көрсетті:

- а) егіншіліктің
- б) сауданың
- в) мал шаруашылығының
- г) қолөнердің

2. X-XII ғасырларда Қазақстан аумағында көлемі жағынан ірі қалалар:

- а) Испиджаб, Отырар
- б) Бурух, Хурлуг
- в) Баладж, Берукет
- г) Тараз, Баласағұн

3. Қазақстанда маңызды сауда орталығы болған “көпестер” қаласы атанған қала:

- а) Тараз
- б) Суяб
- в) Испиджаб
- г) Сығанақ

4. Ортағасырлық Азияда әлемнің төрт патшалығы туралы тұжырым болған. «Сәйгүліктер патшалығы» деп қай өңірді атады?

- а) Түрік қағанаты
- б) Иран мен Византия
- в) Үндістан
- г) Қытай

5. «Түрік тілдерінің сөздігі» еңбегінің авторы:

- а) Махмұд Қашғари

- 
- б) Жүсіп Хамадани
в) Жүсіп Баласағұни
г) А.Яссауи
6. Ежелгі түрік әліпбиіндегі әріп саны қанша?
а) 35
б) 40
в) 25
г) 42
7. Ортағасырлық қалар қанша бөліктен тұрды?
а) 3
б) 4
в) 5
г) 2
8. Ежелгі және орта ғасырлардағы Шығыс пен Батысты байланыстырған жол:
а) Ұлы Жібек жолы
б) Варягтан Грецияға дейінгі жол
в) Лазуриттік жол
г) Дала жолы
9. XI-XII ғ. жататын «қоржын үй» табылған қала:
а) Құйрықтөбе
б) Ақбешім
в) Тараз
г) Отырар
10. Бабаджа-қатын мен Айша-бibi кесенелері жақын орналасқан қала:
а) Тараз
б) Сығанақ
в) Отырар
г) Алмалық
11. X-XI ғасырларда әйнек жасау кәсібі дамыған қалалар:
а) Отырар, Тараз
б) Тараз, Испиджаб
в) Испиджаб, Сығанақ
г) Суяб, Испиджаб
12. Әл-Фараби шығармаларын қай тілде жазған?
а) Араб
б) Қыпшақ
в) Иран
г) Түрік
13. «Диуани лұғат ат-түрік» кітабының авторы:
а) М.Қашғари
б) Әл-Бируни
в) Ж.Баласағұн
г) А.Яссауи
14. Ахмет Игунекидің кітабы:
а) «Ақиқат сыйы»
б) «Даналық кітабы»
в) «Жүсіп-Зылиқа»
г) «Диуани лұғат ат-түрік»
15. Ахмет Яссауидің шәкірті:
а) С.Бақырғани

- б) Әли ақын
- в) Әл-Бируни
- г) М.Қашғари

Тақырып №15. Қазақстан даласы Монғол шапқыншылығы дәуірінде

1. Монғол мемлекетінің негізін қалаған кім?
 - а) Шыңғысхан
 - б) Есугей
 - в) Жамұқа
 - г) Торы
2. Шыңғысхан дүниеге келген жыл:
 - а) 1155 ж.
 - б) 1111 ж.
 - в) 1159 ж.
 - г) 2116 ж.
3. «Отырар опаты» қай жылы болған?
 - а) 1218 ж.
 - б) 1220 ж.
 - в) 2108 ж.
 - г) 1215 ж.
4. Монғол хандығы құрылды:
 - а) 1206 ж.
 - б) 1155 ж.
 - в) 1218 ж.
 - г) 1208 ж.
5. 1211-1215 жылы Шыңғысхан қай жерді жаулап алды?
 - а) Қытай
 - б) Тараз
 - в) Үндістан
 - г) Отырар
6. Отырар қаласының әміршісі:
 - а) Қайыр хан
 - б) Жәнібек хан
 - в) Абылай хан
 - г) Бәрі дұрыс
8. Монғолдарға үш ай бойы берілмеген қала:
 - а) Сығанақ
 - б) Отырар
 - в) Түркістан
 - г) Ашнас
9. Отырар қаласы монғолдардан қанша уақыт қорғанды?
 - а) 6 ай
 - б) 15 ай
 - в) 1 ай
 - г) 3 ай
10. Керей хандығы мен монғол тайпаларының арасындағы қарым-қатынас қай еңбекте айтылды?
 - а) «Монғолдың құпия шежіресі»
 - б) «Шыңғыснама»

в) «Монғол тарихы»

г) «Батый»

11. 1218 жылы монғолдарға соғыссыз берілген қала:

а) Баласағұн

б) Алмалық

в) Жент

г) Ашнас

12. Шыңғыс хан әулиетіне берілетін үлестік жер:

а) Інжу

б) Вакф

в) Икта

г) Сойырғал



13. 1207-1208 ж. Енисей қырғыздарын басып алған Шыңғысхан баласы:

а) Жошы

б) Үгедей

в) Төле

г) Шағатай

14. Монғолдардың Жетісуға келген жылы:

а) 1218

б) 1206

в) 1207

г) 1211

15. Шыңғысхан қай жылы қайтыс болды?

а) 1227 ж.

б) 1226 ж.

в) 1228 ж.

г) 1229 ж.

Тақырып №16. Алтын Орда құрамындағы Қазақстан

1. Алтын Орда қай ұлыстың орнына құрылды?

а) Жошы ұлысы

б) Шағатай ұлысы

в) Төле ұлысы

г) Үгедей ұлысы

2. 1235 жылы бүкіл моңғолдық құрылтайда қабылданған шешім:

а) Батысқа жорық жасау

б) Оңтүстікке жорық жасау

в) Шығыс елдерін басып алу

г) Қазақстанды басып алу

3. Шығыс Еуропаға жорықты басқарған моңғол ханы кім?

- а) Батый
 - б) Жошы
 - в) Шыңғыс
 - г) Берке
4. 1227-1255 жылдары Алтын Орданы билеген:
- а) Батый хан
 - б) Берке хан
 - в) Тохты хан
 - г) Мөңке хан
5. Тоқтамыстың Мамай ордасын басып алған уақыты:
- а) 1380 жыл
 - б) 1360 жыл
 - в) 1290 жыл
 - г) 1350 жыл
6. Алтын Орда тағында билігін нығайту үшін Тоқтамыстың Мәскеуді өртеген жылы:
- а) 1382 ж.
 - б) 1383 ж.
 - в) 1385 ж.
 - г) 1386 ж.
7. Алтын Орданың билеушісі, барлық қарулы күштерінің бас қолбасшысы:
- а) Хан
 - б) Уәзір
 - в) Ақсүйек
 - г) Батыр
8. Алтын Орданың гүлденген кезі:
- а) Өзбек пен Жәнібек хандардың тұсы
 - б) Жошы ханның тұсы
 - в) Шыңғыс ханның тұсы
 - г) Әмір Темірдің тұсы
9. Алтын Орданың негізін қалаған хан:
- а) Батый
 - б) Берке
 - в) Өзбек
 - г) Мөңке
10. Алтын Ордада исламды мемлекеттік дін – деп жариялаған хан:
- а) Өзбек
 - б) Берке
 - в) Батый
 - г) Тохты

Тақырып №17. XIV-XV ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттер

1. Шығыс Дешті-Қыпшақ жерінде XIII-XV ғ.ғ. басында өмір сүрген мемлекет:
- а) Ақ Орда
 - б) Алтын Орда
 - в) Моғолстан
 - г) Әбілхайыр хандығы
2. Ақ Орда қай хан тұсында түпкілікті тәуелсіз хандық болып жарияланды:
- а) Ұрұс хан
 - б) Орда Ежен
 - в) Барақ хан

- г) Уақ хан
3. Орда Ежен мен Шайбани хандардың жерін қамтыған мемлекет:
а) Ақ Орда
б) Ноғай Ордасы
в) Әбілхайыр хандығы
г) Моғолстан
4. Барақ ханның билік еткен жылдары:
а) 1423-1428 ж.
б) 1414-1428 ж.
в) 1416-1428 ж.
г) 1419-1428 ж.
5. Әмір Темір қай тайпаның өкілі?
а) Барлас
б) Меркіт
в) Дулат
г) Қоңырат



6. Моғолстанның астанасы:
а) Алмалық
б) Баласағұн
в) Сауран
г) Сайрам
7. Әбілхайыр ханның Балқаш өңірін бағындырған жылы:
а) ХҮ ғасырдың 30-40-шы жылдары
б) ХІІ ғасырдың 40-шы жылдары
в) ХІІ ғасырдың 50-ші жылдары
г) ХІҮ ғасырдың 30-40-шы жылдары
8. Моғолстанның өмір сүрген уақыты:
а) ХІҮ ғасырдың ортасы – ХVІ ғ. басы
б) ХVІ ғ. ортасы-ХVІІ ғ. басы
в) ХVІІ ғ. аяғы-ХVІІІ ғ. басы
г) ХІІІ-ХІҮ ғасырдың басы
9. Моғолстанның негізін қалаған кім?
а) Әмір Поладшы
б) Моңлай-Сүбе
в) Улияс-Қожа
г) Тоғылық Темір
10. Ноғай Ордасының негізін қалаған тұлға:
а) Едіге
б) Нұраддин
в) Тайбұға
г) Әбілқайыр
11. Әбілқайыр хан болып сайланды:
а) 1428 ж.
б) 1420 ж.

- в) 1425 ж.
- г) 1430 ж.
- 12. 92 ру-тайпадан құрылған хандық:
 - а) Әбілхайыр хандығы
 - б) Ақ Орда мемлекеті
 - в) Моғолстан
 - г) Ноғай Ордасы
- 13. 1456-1457 жылдары Әбілхайырдың ойраттардан жеңілген жері:
 - а) Сығанақ қаласы
 - б) Шаш
 - в) Испиджаб
 - г) Жент
- 14. Өзбек ұлысында XV ғ. «ең көбі және ер жүректері қазақтар» екенін жазған тарихшы:
 - а) Рузбихан
 - б) В.В.Бартольд
 - в) Рубрук
 - г) Б.Е.Көмеков
- 15. Моғолстан мемлекеті ыдырай бастады:
 - а) Абдар-Рашиддің кезінде
 - б) Ахмед хан кезінде
 - в) Есен-бұғы кезінде
 - г) Шағатай кезінде

III Бөлім. Қазақ халқының және қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихы.

Тақырып №19. Қазақ халқының қалыптасу тарихы.

- 1. IX-X ғ-сырларды «қазақ» атауы әлеуметтік мағынада қолданылған жер:
 - а) Шығыс Дешті-Қыпшақ
 - б) Египетте
 - в) Түркістанда
 - г) Жетісуда
- 2. Өзбек ұлысында (XV ғ.) үш халықтың болғандығы, оның ішінде ең көбі әрі ер жүректері «қазақ» екені жайлы хабар айтқан:
 - а) Рузбихан
 - б) В.Рубрук
 - в) Ш.Уәлиханов
 - г) М.Дулатов
- 3. «Алаш» сөзі шамамен қай ғасырда алғаш рет айтылды:
 - а) IX-X ғ.ғ
 - б) X-XI ғ.ғ
 - в) VIII-IX ғ.ғ
 - г) XI-XII ғ.ғ
- 4. Қазақ жүздерінің құрылу себебін жазған ғалым:
 - а) Ш.Уәлиханов
 - б) С.Торайғыров
 - в) А.Құнанбаев
 - г) Левшин
- 5. XIII ғасырға дейін «қазақ» атауының қолданылып келген мағынасы:
 - а) еркін адамдар
 - б) жауынгерлер

- в) бақташылар
г) көшпелілер
6. Қазақ халқының құрамына енген ру-тайпалар өздерінің ен-таңбаларын салған жартас:
а) Таңбалы Нұра
б) Ноғай Ордасы
в) Алтын Орда
г) Жетісу
7. «Алаш» сөзін жиі кездестіретін қазақ халқының аңызы:
а) «Алаша хан»
б) «Қорқыт ата»
в) «Оғызнама»
г) «Ақсақ құлан»
8. Қазақ халқының құрамына байланысты «қазақ» атауы біржола этникалық сипатқа ие болған уақыт:
а) XV ғасырдың II жартысы
б) XV ғасырдың I жартысы
в) XV ғасырда
г) XIV ғасырда
9. Ежелгі Сібір тайпалары тілдерінде «қазақ» сөзінің мағынасы:
а) мықты, берік, алып
б) еркін, азат, алып
в) зор, күшті, көшпелі
г) күшті, еркін, мықты
10. «Қазақ» сөзі этникалық мағынаға ие бола бастаған ғасыр:
а) XIV ғасыр
б) XVIII ғасыр
в) XVII ғасыр
г) XV ғасыр
11. Ежелгі Сібір тайпалары тілдеріндегі «қазақ» сөзінің мағынасы:
а) «мықты», «берік», «алып»
б) «еркін, кезбе, тәуелсіз»
в) «қазақ, алып, тәуелсіз»
г) «кезбе», «еркін»
12. Қазақ халқының құрылуына байланысты «қазақ» атауы біржола этникалық сипатқа ие болды:
а) XV ғасырдың екінші жартысында
б) XIV ғасырдың II жартысында
в) XVI ғасырдың басында
г) XV ғасырдың I жартысында
13. Қазақ халқының жүзге бөлінуі:
а) Өз жерін қорғау қажеттілігінен туды
б) Алаш ұрпақтары арасындағы алауыздықтан туды
в) Хандық құрылған кезде орналасуына байланысты
г) Қазақтың 3 баласы келісіп, бөлінді
14. XIII-XV ғасырларда дамыған ауызша поэзияның белгілі өкілдері:
а) Асан Қайғы, Кетбұға
б) Ж.Баласағұни, М.Х.Дулати
в) Әл-Фараби, М.Х.Дулати
г) Асан қайғы, Ж.Баласағұни

15. XIV-XV ғасырларда Қазақстанда мекендеген ру-тайпалардың әдеби туындылары ауызша таралды. Оның ғылыми атауы қалай аталды?

- а) фольклор
- б) ауыз әдебиеті
- в) шешендік өнер
- г) поэзия



Тақырып №20. Қазақ хандығының қалыптасуы мен нығаюы

1. Қазақ хандығының құрылуының алғышарттарының бірі:
 - а) Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның ішкі-сыртқы жағдайындағы оқиғалар
 - б) Ешқандай себеп болмаған
 - в) Керей мен Жәнібектің жеке билік жүргізуге талпынуы
 - г) Әбілқайыр хандығының әлсіреуі
2. Керей, Жәнібек сұлтандарды құшақ жая қарсы алған Моғолстан ханы:
 - а) Есен-Бұға
 - б) Саид хан
 - в) Баба сұлтан
 - г) Абдар Рашид
3. Қазақ хандығы құрылды:
 - а) 1465-1466 жылдары
 - б) 1454-1455 жылдары
 - в) 1444-1445 жылдары
 - г) 1475-1476 жылдары
4. XV ғасырдың 50-70 жылдары Әбілқайыр хандығынан бөлініп Керей, Жәнібек сұлтандардың қоластына көшіп келген халықтың саны:
 - а) 200 мың
 - б) 500 мың
 - в) 800 мың
 - г) 1 млн.
5. Қазақ хандығының бастапқы кезде алып жатқан жері:
 - а) Шу мен Талас өзендерінің аумағы
 - б) Жетісудың оңт.-шығысы
 - в) Ұлытауда
 - г) Іле мен Шу өзендерінің аумағы
6. Моғолстан ханы Есен-Бұға қайтыс болды:
 - а) 1462 жылы
 - б) 1457 жылы
 - в) 1465 жылы
 - г) 1465 жылы
7. Қазақ хандығының құрылуы жайындағы деректер:
 - а) Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди»
 - б) Жүсіп Баласағұни «Құтты білік»

- в) Махмұт Қашғари «Түрік тілдерінің сөздігі»
- г) Әл-Фараби «Даналық кітабы»
- 8. XV ғасырдың екінші жартысындағы қазақ хандығының негізгі қарсыласы:
 - а) Шайбани хан
 - б) Саид хан
 - в) Баба сұлтан
 - г) Шағатай
- 9. XV ғасырдың бас кезінде Қазақ хандығының тағына отырған Жәнібек ханның ұлы:
 - а) Қасым
 - б) Бұрындық
 - в) Бұйдаш
 - г) Тahir
- 10. Қасым ханның таққа отырған (билікке келген) жылы:
 - а) 1511 жыл
 - б) 1480 жыл
 - в) 1523 жыл
 - г) 1518 жыл

Тақырып №21. Қазақ хандары хронологиясы

- 1. XV ғасырдың бас кезінде Қазақ хандығының кеңеюі мен нығаюына белсене араласып, өз елін алыс-жақын елдердің бәріне танымал еткен тарихи тұлға:
 - а) Қасым хан
 - б) Бұрындық хан
 - в) Бұйдаш хан
 - г) Есім хан
- 2. Қасым ханның қол астындағы халықтың саны:
 - а) бір миллионға жуық
 - б) 200 мың
 - в) 500 мың
 - г) жарты млн.
- 3. Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының саяси-әкімшілік және сауда-экономикалық орталығы:
 - а) Сығанақ қаласы
 - б) Сауран қаласы
 - в) Түркістан қаласы
 - г) Ташкент қаласы
- 4. Хақназар ханның сыртқы саясаттағы бағытын өзгертуге әсер еткен жағдай:
 - а) Сібір ханы мен Моғолстан билеушілерінің шапқыншылық жорықтары
 - б) Шайбани ұрпағының жиі шабуыл жасауы
 - в) Өзбек ханы Абдаллахтың күшеюі
 - г) Бұхар ханының наразылығы
- 5. Баба сұлтанның астыртын жіберген адамдары Хақназар ханды, оның туыстарын өлтірген жыл:
 - а) 1580 ж.
 - б) 1579 ж.
 - в) 1578 ж.
 - г) 1582 ж.
- 6. Хақназар хан өлгеннен кейін хан тағына отырған Жәнібек ханның немере інісі, сексенге келген сұлтан:

- а) Шығай
 - б) Тәуекел
 - в) Есім
 - г) Тәуке
7. Баба сұлтанға қарсы жорықта Шығай хан қайтыс болған жыл:
- а) 1582 ж.
 - б) 1581 ж.
 - в) 1583 ж.
 - г) 1584 ж.
8. Тәуекел хан Мәуреннахрға баса көктеп кірген жыл:
- а) 1598 ж.
 - б) 1596 ж.
 - в) 1588 ж.
 - г) 1599 ж.
9. XVII ғасырдың басында Қазақ хандығында бір мезгілде билік құрған екі хан:
- а) Есім, Тұрсын
 - б) Тәуекел, Шығай
 - в) Тәуке, Тұрсын
 - г) Жәңгір, Тәуке
10. Батыс елдері Қазақ елі туралы алғаш рет білді:
- а) Хакназар тұсында
 - б) Есім тұсында
 - в) Тәуекел тұсында
 - г) Тәуке хан тұсында
11. Баба сұлтанның адамдары Хакназар ханды қай жылы өлтірді?
- а) 1580 жылы
 - б) 1582 жылы
 - в) 1590 жылы
 - г) 1570 жылы
12. Шығай хан қайтыс болды:
- а) 1582 жылы
 - б) 1583 жылы
 - в) 1598 жылы
 - г) 1518 жылы
13. Абдаллах өлген соң Тәуекел ханның Мауараннахрға басып кірген жыл.
- а) 1598 жыл
 - б) 1595 жыл
 - в) 1538 жыл
 - г) 1589 жыл
14. 1603 жылы бірінші қазақ-бұхар соғысы өткен жер:
- а) Айғыржар
 - б) Аққыстау
 - в) Жыланды
 - г) Теректісай
15. Тұрсын ханның бүлігі тарихта аталды:
- а) «Қатаған қырғыны»
 - б) «Батпақ шайқасы»
 - в) «Орбұлақ шайқасы»
 - г) «Текертісай шайқасы»

Тақырып №22. Қазақ хандығының саяси-әлеуметтік құрылымы

1. Қазақ хандығында он немесе он бес аймақтан құралған:
 - а) ру
 - б) ауыл
 - в) ұлыс
 - г) арыс
2. Қазақ хандығында ұлыстың билеушісі:
 - а) сұлтан
 - б) би
 - в) рубасы
 - г) ақсақал
3. Орта жүзге жататын рулар:
 - а) арғын, найман, керей, уақ, қыпшақ
 - б) табын, тама, қаракесек, төртқара
 - в) жалайыр, албан, суан, дулат
 - г) қоңырат, керей, албан, ысты
4. Хан сайлаудың басты шарты:
 - а) Шыңғыстың ұрпағы болуы
 - б) малының көп болуы
 - в) феодалдартобынан шығуы
 - г) бидің тұқымынан шығуы
5. Сайланған ханның мал-мүлкін бөліп алу дәстүрі:
 - а) «хантаалапай»
 - б) «ханталас»
 - в) «ханталау»
 - г) «бөліп алу»
6. Бейбітшілік жағдайда ханның рұқсатынсыз жол берілмейді:
 - а) көшіп-қонуға
 - б) соғысты бастауға
 - в) егінді жинауға
 - г) салықты көбейтуге
7. Қазақтың ханын сайлауға барлық рудан қатысты:
 - а) атақты, сыйлы шонжарлар
 - б) шаруалар
 - в) дінбасылар
 - г) егіншілер
8. Бүкіл қауым оның шешімін, билігін орындауға міндетті болды:
 - а) би
 - б) сұлтан
 - в) ақсақал
 - г) ауылбасы
9. Көпті көрген, мол тәжірибелі, өте білікті, білімгер адамболды:
 - а) рубасы
 - б) би
 - в) сұлтан
 - г) ақсақал
10. Қазақ халқының саяси бытыраңқылығын жойып, мемлекет етіп құру міндеті кімдерге тиді?
 - а) Керей мен Жәнібек сұлтандардың үлесіне
 - б) Жошы ханға

в) Қазақ деген батырға

г) Әбілхайыр ханға

11. Қазақ хандығындағы таптық негіздегі 2 топ болды. Олар:

а) феодалдар мен қарапайым халық

б) егіншілер мен кедейлер

в) егіншілер мен шаруалар

г) кедейлер мен егіншілер

12. Қазақ халқының ұраны:

а) «Алаш»

б) «Атой»

в) «Абылай»

г) «Аруак»

13. Талас-тартыс болған жағдайда үш жүз өкілдері келіп, мәселелерін қай жерде шешті?

а) Таңбалы-Нұра

б) Қарақұм

в) Қозыбасы

г) Орда

14. XIV-XV ғасырлардан бері келе жатқан тәрбиелік мәні зор ертегі:

а) «Жоямерген», «Жерден шыққан Желім»

б) «Қобыланды батыр»

в) «Алпамыс батыр»

г) «Күннің баяны», «Темірқазық пен Жетіқарақшы».

15. Қазақ хандығының құрылымы:

а) жеті саны

б) бес саны

в) үш саны

г) жиырма бір саны

IV Бөлім. Қазақстан Ресей империясының құрамында.

Тақырып №24. XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының саяси жағдайы.

1. «Қазақ пен Қалмақ ханы» атанған хан:

а) Тәуекел

б) Хакназар

в) Есім

г) Шығай

2. Жоңғарларға қарсы күрестегі ерлігі үшін халықтың Жәңгірге берген атауы:

а) Салқам Жәңгір

б) Батыр Жәңгір

в) Алып Жәңгір

г) Еңсегей ер Жәңгір

3. Жәңгір ханның кезінде жоңғарлардың қалың қолы қазақ жеріне қай жылы басып кірді?

а) 1643 ж.

б) 1644 ж.

в) 1645 ж.

г) 1646 ж.

4. Жәңгір ханның санаулы сарбаздары Жоңғардың 50 мың әскерімен шайқасқан жер:

а) Орбұлақ

б) Батпақ шайқасы

в) Теректіқұм шайқасы

- г) Аңырақай шайқасы
5. Орбұлақ шайқасында Жәңгірге көмекке келіп, 20 мың қолмен Жоңғар әскерінің ту сыртынан шабуыл жасайды:
- а) Алшын Жалаңтөс батыр
 - б) Қабанбай батыр
 - в) Бөгенбай батыр
 - г) Райымбек батыр
6. Тәуке ханның кезіндегі Қазақ хандығының астанасы:
- а) Түркістан
 - б) Сауран
 - в) Ташкент
 - г) Тараз
7. 1710 жылы қазақ жүздерінің өкілдері бас қосып жау шабуылын тойтару мәселесін талқылау үшін жиналған жер:
- а) Қаракұм маңы
 - б) Қызылқұм маңы
 - в) Көктөбе маңы
 - г) Аққұм маңы
8. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары:
- а) 1723-1727 жылдар
 - б) 1726-1730 жылдар
 - в) 1711-1718 жылдар
 - г) 1718-1723 жылдар
9. Бұланты шайқасынан кейін қазақ жүздерінің өкілдері жауға қарсы күресті күшейту жөнінде шешім қабылдаған жер:
- а) Ордабасы
 - б) Қаракұм
 - в) Орбұлақ
 - г) Күлтөбе
10. Қазақ жасағының Аңырақай маңында жоңғарларды жеңіліске ұшыратқан жылы:
- а) 1729 ж.
 - б) 1718 ж.
 - в) 1726 ж.
 - г) 1711 ж.

Тақырып №25. Жоңғар шапқыншылығына қарсы жеңісті ұйымдастырушылар

1. Үш жүз жасақтарының жоңғарларға қарсы біріккен қимылдары қашан басталды?
- а) 1726 жыл
 - б) 1723 жыл
 - в) 1729 жыл
 - г) 1731 жыл



2. Жоңғар шапқыншылығынан қатты ойрандалған қазақ өлкесі:
- а) Жетісу
 - б) Сырдария бойы

в) Шығыс Түркістан

г) Ташкент

3. Абылайдың керемет қасиеттерін жырлап, Орта жүздегі оқиғаларға белсене қатысқан, шығармаларына батырлар ерлігін арқау еткен XVIII ғасырдың II жартысындағы танымал ақын:

а) Тәтіқара

б) Бұқар

в) Үмбетей

г) Ақтамдерді

4. XVIII ғасырда шығармаларын аңызға айналған сардарлар Қабанбай мен Бөгенбай батырларға арнаған халық ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі:

а) Ақтамберді

б) Үмбетей

в) Бұқар

г) Шалкиіз

5. Қанжығалы Бөгенбай батыр қай жылдары өмір сүрген?

а) 1680-1778 жыл

б) 1703-1781 жыл

в) 1678-1775 жыл

г) 1711-1781 жыл

6. Абылай ханның билік құрған уақыты:

а) 1771-1781 жыл

б) 1743-1781 жыл

в) 1678-1775 жыл

г) 1711-1781 жыл

Тақырып №26. Қазақ өлкесінің –XVIII ғасырлардағы саяси-экономикалық дамуы.

1. 1731 жылы Әбілхайырды қолдап, Ресейдің қол астына кіруге ант берген Кіші жүз старшындарының саны қанша?

а) 29

б) 31

в) 25

г) 21

2. Қазақтардан ант алуға Ресейдің орыс елшілігін кім басқарып келді?

а) А.Тевкелев

б) М.Гагарин

в) В.Татищев

г) Т.Чебуков

3. 1735 жылы Қазақстанның солтүстігінде өзен бойында салынған бекініс:

а) Ор

б) Жәміш

в) Железинск

г) Өскемен

4. Әбілхайырдың Ресей құрамына кірудегі ең басты мақсаты:

а) Ресеймен сенімді байланыс орнатып, бар күшті қалмақтарға жұмылдыру

б) Мал шаруашылығын дамыту

в) Сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету

г) Отырықшылықты дамыту

5. 1738 жылы Орынборда қазақ сұлтандарының съезін шақырған Орынбор комиссиясының басшысы:

- а) В.Татишев
- б) И.Кириллов
- в) В.Степанов
- г) А.Тевкелев

6. Әбілхайырды 1748 жылы өлтірген:

- а) Барақ сұлтан
- б) Әбілпайыз
- в) Қайып
- г) Әбілмәмбет



7. Башқұрттардың көтерілісін басуға патша үкіметі Кіші жүз жасақтарын пайдаланды:

- а) 1735-1737 ж.
- б) 1731-1734 ж.
- в) 1737-1738 ж.
- г) 1739-1740 ж.

8. Қазақстанның Ресейге қосылуының басталған жылы:

- а) 1731 жылы
- б) 1730 жылы
- в) 1732 жылы
- г) 1735 жылы

9. Кіші жүзді Ресейдің қол астына алу ұсынысын қабылдаған патша:

- а) Анна Иоановна
- б) II Екатерина
- в) Анна Петровна
- г) I Екатерина

10. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың жұмсауымен қазақтардың Ресейге қосылуы туралы келісім жүргізген елшілер:

- а) Құндағұлұлы, Қоштайұлы
- б) Құндағұлұлы, Аталықов
- в) Қозыбайұлы, Қоштайұлы
- г) Жантөреұлы, Қойбағарұлы

Тақырып №27. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Реформалар

1. Ресей патшасының Жайық бойында мал жаюға тыйым салған жарлығы қашан шықты?

- а) 1742 ж. 19 қазан
- б) 1740 ж. 5 қараша
- в) 1743 ж. 29 қыркүйек
- г) 1745 ж. 19 ақпан

2. Кіші жүз ханы Нұралыға Жайықтан мал айдап өтуге тыйым салынғандығы жөніндегі шешім қашан тапсырылды?

- а) 1757 ж. 24 желтоқсан
- б) 1757 ж. 14 желтоқсан

- в) 1756 ж. 2 желтоқсан
г) 1760 ж. 21 қазан
3. Ертіс пен Жайық жағаларына мал жаю үшін қазақ феодалдары кімдерге аманат тапсыруға міндетті болды?
а) орыс әкімшілігіне
б) қазақ феодалдарына
в) хан туыстарына
г) патшаға
4. Кіші жүздегі алауыздықты пайдаланған Ресей билеушілері Каспий мен Жайық бойындағы ең шұрайлы жерлерді кімдерге тартып әперді?
а) казактарға
б) қарапайым халыққа
в) орыстарға
г) феодалдарға
5. Ертіс өңіріне Ресейдің әр түкпірінен жерсіз шаруалар, қылмыскерлер, Дон казактарын әкеліп қоныстандыру қай жылдан басталды?
а) 1760 ж.
б) 1761 ж.
в) 1762 ж.
г) 1763 ж.
6. Орынбор өлкесінде казактардың жүріп-тұруына қысым жасаған губернатор:
а) А.Г.Давыдов
б) П.И.Рычков
в) Л.И.Тевкелев
г) В.Татишев
7. Орта жүз казактарына Ертістің оң жағалауына мал жаюға, қайтадан қоныстануға І Павел қай жылдан бастап рұқсат берді?
а) 1799 ж. 21 қараша
б) 1798 ж. 21 қараша
в) 1797 ж. 21 қараша
г) 1796 ж. 21 қараша
- 8.«Сібір казактарының Жарғысы» қашан қабылданды:
а) 1822 жылы
б) 1824 жылы
в) 1820 жылы
г) 1818 жылы
9. 1822 жылы «Сібір казактарының Жарғысының» басты мақсаты:
а) әкімшілік, сот, саяси жағынан басқаруды өзгерту
б) суландыру жүйесін енгізу
в) ауылдардың санын көбейту
г) мәдениетті көтеру
- 10.1822 жылғы «Сібір казактары Жарғысының» авторы:
а) Сперанский
б) Эссен
в) Батеньков
г) Гирс
- 11.1822 жылғы Ереже бойынша Орта жүз территориясы құрамына кірген генерал-губернаторлық:
а) Батыс-Сібір
б) Орынбор
в) Түркістан

- г) Астрахань
12. 1822 жылғы «Жарғы» бойынша қылмыстық істер қаралатын орган:
- а) округтік приказдар
 - б) хандық кеңес
 - в) би соты
 - г) қазыларсоты
13. Бөкей Ордасында хандық билік сақталды:
- а) 1845 жылға дейін
 - б) 1822 жылға дейін
 - в) 1824 жылға дейін
 - г) 1835 жылға дейін
14. Кіші жүздің соңғы ханы:
- а) Шерғазы
 - б) Бөкей
 - в) Нұралы
 - г) Әбілхайыр
15. «Орынбор қазақтарының Жарғысы» қашан шықты?
- а) 1824 жылы
 - б) 1822 жылы
 - в) 1867 жылы
 - г) 1868 жылы

Тақырып №28. XIX ғасырдың II жартысын-ғы Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалар.

1. 1867-1868 ж.ж. патшаның әкімшілік реформалары бойынша Қазақ жері неше генерал-губернаторлыққа бөлінді?
- а) 3
 - б) 2
 - в) 4
 - г) 5
2. Реформаларға сәйкес, әскери-губернаторлар басқарды:
- а) облысты
 - б) округті
 - в) ауылды
 - г) уезді
3. Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы:
- а) Ташкент
 - б) Верный
 - в) Қапал
 - г) Ақмешіт
4. 1867-1868 жылдары құрылған генерал-губернаторлықтарды атаңыз:
- а) Орынбор, Батыс Сібір, Түркістан
 - б) Орал, Сібір, Жетісу
 - в) Тобыл, Сібір, Орал
 - г) Сырдария, Семей, Ақмола
5. Түркістан генерал-губернаторлығына қандай облыстар кірді?
- а) Жетісу, Сырдария облыстары
 - б) Семей, Ақмола облыстары
 - в) Орал, Торғай облыстары
 - г) Қырғызстан жері

6. 1886 жылы 2 маусымдағы «Түркістан өлкесін басқару туралы ереже» бойынша Түркістан өлкесіне қай облыстар кірді?

- а) Сырдария, Ферғана, Самарқан
- б) Ақмола, Семей
- в) Орал, Торғай
- г) Павлодар, Семей

7. Дала генерал-губернаторлығы қай жылы құрылды?

- а) 1891 жыл
- б) 1886 жыл
- в) 1889 жыл
- г) 1883 жыл

8. Дала генерал-губернаторлығының орталығын атаңыз.

- а) Омбы
- б) Орынбор
- в) Семей
- г) Ақмола

9. «Шығыс Түркістаннан Жетісуға қоныс аударған ұйғырлар мен дүнгендерді орналастыру туралы» ереже қай жылы қабылданды?

- а) 1883 жыл
- б) 1861 жыл
- в) 1869 жыл
- г) 1886 жыл

10. Қоныс аударудың басты аймағын көрсетіңіз:

- а) Жетісу
- б) Омбы
- в) Орынбор
- г) Орал

Тақырып №29. Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы

1. 1858 жылы салынған Ұлы жүз жеріндегі кәсіпорын:

- а) сыра қайнататын зауыт
- б) су диірмені
- в) сабын жасау цехы
- г) қант зауыты

2. Семейде қалалық жәрмеңке ашылған жыл:

- а) 1855 жыл
- б) 1860 жыл
- в) 1892 жыл
- г) 1869 жыл

3. Көкшетау округі қашан құрылды?

- а) 1824 жыл
- б) 1831 жыл
- в) 1833 жыл
- г) 1822 жыл

4. Қазақстанда тұңғыш ашылған мұражай:

- а) 1831 ж. Орынборда
- б) 1830 ж. Ішкі Ордада
- в) 1826 ж. Семейде
- г) 1834 ж. Оралда

5. «Азия комитеті» құрылды:

- а) XIX ғ. 20-30 ж.
 - б) XIX ғ. 40-50 ж.
 - в) XIX ғ. 30-40 ж.
 - г) XIX ғ. 10-20 ж.
6. Тентектөре бастаған көтерілісшілер саны:
- а) 10 мың
 - б) 20 мың
 - в) 3 мың
 - г) 5 мың
7. Ұлы жүздегі қоқан хандығының тірегі Таушүбек бекінісін орыс әскерлерінің қантөгіссіз басып алған жылы:
- а) 1851 жылы 7 шілде
 - б) 1850 жылы 10 қаңтар
 - в) 1851 жылы 18 мамыр
 - г) 1853 жылы 2 сәуір
8. 1853 жылы Ресейдің қол астына алынған қоқандықтардың бекінісі:
- а) Ақмешіт
 - б) Мерке
 - в) Таушүбек
 - г) Пішпек
9. Ұлы Жүздің приставтығы Қапалдан Верныйға ауыстырылған жыл:
- а) 1855 жыл
 - б) 1856 жыл
 - в) 1857 жыл
 - г) 1858 жыл
10. Верный бекінісін қалаған отрядты кім басқарған?
- а) М.Перемышльский
 - б) А.Гейнс
 - в) А.Безак
 - г) А.Проценко
11. Ресейден Верныйға қоныс аударушылар арасында аталған облыстан шыққандар басым болды:
- а) Воронеж облысы
 - б) Саратов облысы
 - в) Уфа облысы
 - г) Рязань облысы
12. 1866 жылдың басында орыс әскерлері басып алған Орта Азия хандығы:
- а) Бұхар хандығы
 - б) Қоқан хандығы
 - в) Хиуа хандығы
 - г) Самарқанд жері
13. 1860 жылы 19-21 қазанда қоқандықтар мен орыс әскерлері шайқасқан жер:
- а) Ұзынағаш
 - б) Әулиеата
 - в) Шымкент
 - г) Пішпек
14. 1868 жылы қаңтар айында келісім бойынша Қоқан хандығына қарасты жерлер аталмыш генерал-губернаторлыққа бағындырылды:
- а) Түркістан
 - б) Батыс Сібір

в) Орынбор

г) Дала

15. 1858 жылы Верныйда іске қосылған өнеркәсіп:

а) сыра зауыты

б) су диірмені

в) тұз зауыты

г) май зауыты

V Бөлім. Қазақ халқының патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілістері.

Тақырып №31. XVIII ғасырдағы ұлт-азаттық көтеріліс.

